



МРНТИ 14.35

А. Қ. ИМАНБЕКОВА ¹

¹ Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы,
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ «АСАУҒА ТҰСАУ» СПЕКТАКЛІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ «АСАУҒА ТҰСАУ» СПЕКТАКЛІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ театрындағы У. Шекспирдің «Асауға тұсау» пьесасының қазақ тіліне аударылуы, оның сахналану тарихы, жаңаша интерпретациялануы айтылады. Сонымен қатар қойылымның режиссерлік шешіміндегі жаңалықтар мен актерлік ойындағы ізденістер, сценографиядағы сахна кеңістігінің игерілуі де ғылыми тұрғыда қамтылып, терең зерттеледі. Зерттеу барысында спектакльдің бүгінгі театр үдерісіндегі алатын орны, маңыздылығы, рухани құндылығы да сөз болып, негізгі репертуарлық жүйеге негізделген қазақ театрының жетістіктері мен кемшін тұстарын бағамдауға мүмкіндік беретіні де айқындалады.

Тірек сөздер: пьеса, қойылым, комедия, репертуар, режиссер, актер, қазақ театры, У. Шекспир..

Кіріспе

Қоғамның, жалпы адамзат баласының мәселелерін көтеру арқылы халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп, актуалды шығармаларымен тарихта қалған тұлғалар баршылық. Уильям Шекспир, Жан Батист Мольер, Абай, Мұхтар Әуезов сияқты феномен болып табылған ұлы жазушыларды іздейтініміз анық. Олар Заман өзгергенімен адам

өзгермек емес. Сондықтан, олардың шығармаларына үнемі қайта оралып отыратынымыз да заңдылық.

Соның ішінде шамамен бес ғасыр бұрын жазылған У. Шекспирдің трагедиялары, тарихи шежірелері мен комедиялары әлі күнге дейін көрермендерді тебіrentпей қоймайды. Әлем театрларының ең озық деген режиссерлері мен танымал актерлері ағылшын драматургының шығармаларын

қоюды және онда ойнауды бақыт, құрмет деп есептейді. Қазақ театртану ғылымының көшбасшысы Қажықұмар Қуандықовтың сөзімен айтқанда: «Актерлер мәдениеті мен шеберлігіне сын болар баршаға биік бір асу – Вильям Шекспир» [1, 217 б.].

У. Шекспир шығармаларының қазақ сахнасына келуін белгілі театртанушы-ғалым Қажықұмар Қуандықов еңбектерінен қарастырсақ, қазақ театры алғашқы қадамынан бастап-ақ әлемдік драматургияның озық үлгілерін игеруге зер салғанын білеміз. Әлемдік классикаға, оның ішінде Шекспирдің туындыларына алғаш қадам жасаған режиссер Жұмат Шанин екендігін атап өткенін байқаймыз. Осы қиын да жауапты жүкті мойнына алып өз деңгейінде спектакльді сахналаған ержүрек режиссер ретінде танимыз [1, 24 б.].

Әдістер

Аталмыш тақырыпты зерттеуде салыстырмалы-герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Сахналанып отырған спектакльдің сахналану тарихына тоқталу қойылымның бүгінгі таңдағы интерпретациясын қарастырып, жаңаша шешімдерді айқындауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, біршама театр зерттеушілерінің, театртанушылардың еңбектеріне сілтеме беру арқылы тақырыптың тарихи-мәдени аспектілері де қарастырылып, қамтылды.

Нәтижелер

Қазақ театрының тарихында У.Шекспирдің тұсауы ең алғаш рет 1927 жылы «Гамлет» трагедиясымен кесілгенін дәлелдейді [1, 24 б.]. Одан әрі «Оттелло» (1939 ж.), «Асауға тұсау» (1943 ж.), «Ричард III» (1976 ж.), «Кориолан» (1996 ж.), «Ромео-Джульетта» (2008

ж.), т.б. пьесаларымен ұлттық театрдың репертуары толыға түседі. Соның ішінде қазақ өнері мен мәдениетінің дамуында айтарлықтай орны бар «Асауға тұсау» комедиясы жұртшылықтың ықыласын ерекше аударған көркем дүние болды.

XVI–XVII ғасырларда Англия жерінде маңызды болған тақырып XX ғасырда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Демек, бұл әр кезде де сұранысқа ие. 1594 жылы жазылып, басылып шыққан комедияның алғашқы қойылған күні туралы нақты дерек жоқ. Әлемдік «Театр энциклопедиясының» анықтамалығына жүгінер болсақ, пьеса бірнеше рет өзгертулер мен түзетулерден өтіп, осы күнге дейін әртүрлі атаулармен жүрді. Ал, ең атақты деген алғашқы қойылымдардың бірі 1686 жылы Берлиндегі Фельтена труппасының орындауындағы нұсқасы деп саналған [2, 158 б.].

Ағылшын драматургінің итальяндықтар туралы жазған шығармасы М.Әуезов аудармасы арқылы қазақ халқына жетті. Орыстың ұлы режиссерлерінің қиялымен көрерменге ұсынылды. Яғни, «Асауға тұсау» уақыт сынынан мүдірмей өтіп, ұлттық драматургия мен театрымыздың төл туындысына, халқымыздың асыл рухани қазынасына айналды. У.Шекспирден М.Әуезовке дейінгі аралықтағы бірнеше ғасырды жүріп өткен туындының қазақ сахнасындағы ғұмыры ұзақ болып, жарты ғасырға жуық репертуардан түспеді. Осы спектакльге қатысқан сахна шеберлерінің бірі де бірегейі Қалыбек Қуанышбаевтың сөзімен айтқанда: «...аударма деуге аузың бармайды. Мұндағы өзіміздің күлдіргі шығармалардағыдай өткір қалжың, жарасымды өзіл-оспақ, әжуа-мысқыл – бәрі де ұлттық көрермен мен актерлерге етене жақын, халықтық

сипатымен, баурап алатын көркемдік құдіретімен қымбат. Халық ойындары мен баяғы Қоянды жәрмеңкесіндегі кезбе труппаның орындаушылық тәсілі жаңаша тіріліп келгендей. Өздерімен біте қайнасқан бұл тәсіл қазақ актерлеріне қанат бітіріп, ерекше шабытқа бөледі. Шекспир комедиясын жан-тәнімен, отты қызулықпен беріле ойнауынан көрермен қауым оны өзінің ұлттық туындысындай қабылдады» [3, 258 б.], – деп М. Әуезовтің шеберлігіне үлкен баға берген еді.

Ұлы суреткер аударған бұл комедияны 1943 жылдың 16 қазанында Мәскеудің А. В. Луначарский атындағы Театр өнері институтының тәжірибелі оқытушылары О. И. Пыжова мен Б. В. Бибииков сахналады. «...олар актерлердің өзіндік ерекшеліктеріне лайық рольдер бере білді, олардың музыкалық, пластикалық қасиетін шеберлікпен ашты. «Асауға тұсаудағы» өткір қалжың, жарасымды әзіл, алып соққандай ажуа-сықақ-юморды жаны сүйетін, өзінде небір әзіл сөздің ұсталарын шығарған қазақ халқына өз жүрегінен шыққандай сезілді. Оның өткір тілді, өрмінез Петручио мен тапқыр, ақылды Катарина қақтығыстарынкөрушілердің дәл бір қыз бен жігіттің айтысын тыңдағандай мәз болып, елти, құлай тыңдауларында осындай жақындық бар» [1, 221 б.]. Яғни, мұны білікті режиссерлердің көрерменге тың материалды таңдап ұсынуындағы тапқырлығы, ізденімпаздығы және халыққа қажетті ойды ұсына білгендігі деп білеміз. Шығарманың негізгі идеясы асау қызды ауыздықтау емес, шынайы махаббатқа, ерлі-зайыптылар арасындағы достықты насихаттауға құрылған. XX ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы көбінде әйелдің бас бостандығын, әйел теңсіздігін жыр етсе, қалжыңға құрылғанымен әйел

мәртебесін көтерген бұл спектакль ұтымды сюжетімен, астарлы ойымен көрерменнің рухани-эстетикалық талғамының артуына түркі болды.

Тәжірибелі режиссерлер У.Шекспир комедиясының қажетті пернесін дөп басатын шығармашылық ансамбльді жазбай танып, асау Катарина роліне Хадиша Бөкееваны, ақылды да озық ойлы Петручионың бейнесін жасауға Шәкен Аймановты, Петручионың елгезек, қайғы-уайымды білмейтін адал жанды қызметкері Грумио мен алып-ұшпа қағылез Транионы ойнауға Сейфолла Телғараев пен Камал Қармысовты, Баптиста роліне Қ. Қуанышбаевты, Слай роліне М. Сүртібаевты таңдап алған. Бұл қойылымның сәтті сахналануының басты жеңісі болғаны анық. Осы жұлдызды топтың ойынын Қ. Қуандықов: «Петручио рөліндегі Ш. Аймановтың актерлік дарынын былай қойғанда, өзі де юмордан құр алақан адам емес қой. Ал Катарина – Х. Бөкеева өнер сайысында Шәкеннен кем түспеймін дейтін адам. Осыларға күлкі бұлағы Грумио– С. Телғараев, әзілқой жылпос Транио – Қ. Қармысов, селкілдеген кәрі шал Гремио– Е. Өмірзақов, сөзді нақ-нағымен тастайтынмантуялық – С. Қожамқұлов, ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін жұмсақ мінезді Баптиста– Қ.Қуанышбаев келіп қосылғанда, сахна көңілді көріністерге толады. Бұлардың бәрі бірін-бірі шабыттандырып, сахнаны жайнатып жібереді» [1, 221–222 б.], – дегені жоғарғы бағалағаны тағы бар. Сол сияқты белгілі сахна шебері Асанәлі Әшімов өз мемуарларының бірінде: «Сахнадағы Шәкен қандай еді! «Асауға тұсау» драмасындағы Петручиосын ешқашан ұмытпаймын. Катарина (актриса Хадиша Бөкеева) екеуі

сахнаға жарқырап, салтанатпен шыға келгенде бүкіл көрермен бір адамдай орнынан тұратын. Бұл рөлдің бір үзігі «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде Шәкен Айманов пен Хадиша Бөкеева пьесадағы диалогты телефон арқылы жаттығып жатқан эпизодта көрсетілген» [4, 125 б.], – деп еске алады. Демек, бұл пікірлер аталған қойылымның көркемдік деңгейінің жоғарылығын аңғартады.

Халық артисі Бекен Римова 1980 жылдары берген бір сұхбатында Хадиша Бөкеева туралы: «Қай жанрда болмасын, Хадиша ойнаған рөлдер бірін-бірі қайталамайтын. Оның кейіпкерлері – өз сезімін бүге білетін және де оларды тежей алатын күш-жігердің адамдары. «Асауға тұсау» спектаклі актерлерімізге де, театрдың да, еліміздің де мақтаныш мерейіне айналған атақты туынды екені бәрімізге аян. Жиырма жылдан аса сахнадан түспей, үлкен табыс, абыройымен жүріп жатты. Қалибек Қуанышбаевтан бастап, бәріміз сахна сыртында орынға таласып отырып, Петручио мен Катаринаның айтысын тамашалайтын едік» [5, 132 б.], – деген болатын.

Сол хас шеберлердің көзін көрген актер Сәбит Оразбаев: «Работать нам предстояло с корифеями: Идрисом Ногайбаевым, Нурмуханом Жантуриным, Калибеком Қуанышбаевым, Сабирой Майкановой, Рахией Койшибаевой, Хадишой Букеевой, Бикен Римовой... Мы потерялись в их присутствии, мысль, что будем выходить на одну сцену с ними, ужасала. И в такой ответственный момент к нам пришла на помощь Хадиша Букеевна. Ее теплые слова «айналайын, балақай» растопили ледяной страх, сковавший наши сердца» – дей келіп, Х. Бөкееваның қазақ тіліне деген жанашырлығы туралы сөзін былай жалғайды: «В то время в

театр пришел после окончания ГИТИСа молодой и очень продвинутой режиссер Азербайжан Мамбетов. Он все время требовал от нас «Темп-темп! Давайте темп!» Мы же, думая, что он просит быстро проговаривать текст, частили, как из пулемета. Это его еще больше выводило из себя. И опять пришла на помощь Хадиша апай. «Не торопитесь, не волнуйтесь. Наш язык красивый и звучный, не портите его. Темп должен идти изнутри, и тогда он совпадет со словами».

Что это означает на самом деле, мы поняли, когда попали на «Укрощение строптивой». Я смотрел позже этот спектакль в Прибалтике и в Москве. И везде обстановка была более или менее спокойной, а казахский спектакль (пьесу великого драматурга не случайно переводил сам Мухтар Ауэзов) был таким, что зрители от избытка чувств впадали, честно говоря, в истерию. Когда шел этот спектакль, двери едва не сносились, в зале не то что яблоку негде упасть, иголку воткнуть было некуда» [6, 7–8 б.]. Жалпы осындай пікірлерді жинақтай келгенде хас шебер жасаған бейнеден тек шынайылықты ғана емес, ұлттық мінез-құлықты, адамзатқа тән гуманизмді аңғарамыз.

Х.Бөкееваның Катаринасы жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Көбей Шахметұлыда жақсы бір естелік қалдырған екен: «Театрға шешем мені жиі апаратын, әсіресе әкемнің пьесасы бойынша қойылған немесе өзі қатысқан спектакльдерінің премьерасынан қалмайтынбыз. Хадиша апамды алғаш Шекспирдің «Асауға тұсаудағы» Катарина рөлін ойнаған кезде көрдім. Сол спектакльді бірнеше рет көрдім, көрген сайын астарлы сөздерінің мәнін, ерекше әрекеттерінің себебі мен мағынасын

толығырақ, тереңдеу түсіндім, жаңаша ұқтым. Хадиша апамның Катарины – Италияның сұлу табиғатында, көкпеңбек теңіздің жағасында еркін өскен, өжет, қайсар мінезді, сөзі өткір, жаны таза, намысын бәрінен жоғары ұстайтын қыз. Мәнерлеп, айқын айтылған сөздері мен біресе батыл, біресе майда, жанға жайлы тиетін дауысы Катаринының күрделі ішкі әлемін шебер көрсетеді. Ондай қыз-келіншектер қазақ топырағында ел басқарып, еркектер соғысқа кеткенде ауылға шапқан жауға найзақылышымен қарсы шығатын еді. Атақты ағылшын, орыс артистері ойнаған қойылымдармен салыстырғанда біздікі еш кем емес» [7]. Осы пікірді Ш. Айманов пен Х. Бөкеева ағылшындардың дәл алдында да дәлелдеп берген еді. Мұны біз: «...когда они с Петруччио – Шакеном Аймановым – выходили на сцену, зал вставал в едином порыве. Настолько это было красиво и торжественно. Дуэт двух великих актеров потрясал зал своей гармоничностью и красотой, а диалог – искрометным юмором. Этот спектакль вошел в золотой фонд казахского театрального искусства. К 400-летию Шекспира Букеевас Аймановым играли фрагмент из «Укрощения строптивой» в Лондоне. Разборчивые англичане, если судить по отзывам в мировой прессе, казахских Петруччио и Катарины приняли» [7], – деген Г. Шымырбаеваның «Казахстанская правда» газетіндегі мақаласынан білеміз. Олар еуропалықтардың темпераментін, психологиясын, өмірге көзқарасын пластикалық және актерлік шеберлігі арқылы шынайы жеткізе отырып, ағылшындық көрерменнің жүрегін жаулап алды. Сонымен қатар дәл осы сапарда «Асауға тұсаумен» бірге Ш. Айманов еуропалық сахнада тұңғыш рет Отеллоны қазақша сөйлетіп, ұлттық

өнерімізді асқақтатып қайтқан болатын. Демек, Отелло мен Петручионы сомдаған шебердің жұлдызы жоғары дейміз.

Әрине қазақтың түсінігіне жат, ұлттық бояуы өзге мұндай көркем дүниенің көркемдік деңгейінің биік болуы жолындағы шығармашылық ізденістің де оңай болмасы анық. Мұны көрнекті театр сыншысы Әшірбек Сығайдың: «Үш сағатқа жуық жүретін қойылым көлемінде Катаринының сөзі небәрі үш парақтан аспайды. Бірақ, соған қарамастан, Хадишаның қисынды іс-әрекеті Катарины қасиеттерін көрушісіне дәл жеткізе алды. Қысқасы, Катарины–Хадишада тіл қатудан гөрі, ыммен, ишаратпен ұқтыру сәттері мол ұшырасады. Шебер актриса бейне шоқтығын осылай өсіре келіп, Катарины мейірімді, мархаббаты, сыйласқыш, кіршіксіз таза махаббатқа берік жанм дәрежесіне дейін көтереді» [8, 258 б.], – деген сөзінен байқау қиын емес. «Шынымен де, Х. Бөкеева Катаринының іштегі шиыршық атқан ойы мен сезім арпалыстарын, тапқырлығы мен өткірлігін сенімді өрнектеді. Бұл роль актрисаның шығармашылық өмірбаянындағы алғашқы белді белестерінің бірі болып саналады [9, 119 б.].

Көрерменін алғашқы сәттен-ақ баурап алып, соңына дейін тапжылтпай қарап отыруға жеткізген қойылымда тек Петручио мен Катарины ойыны ғана емес, К. Қармысов сомдаған Транио бейнесі де әлі күнге дейін көрерменнің көз алдында. Негізінен бұл аса үлкен роль емес. Бірақ актер өзіндік ішкі терең сәулесімен, философиялық кең толғаныстарымен кейіпкерін қойылымының басты тірегіне айналдырған. Егде жасқа келгенше сахнада Транио болып сәтүрлі қимыл-әрекеттер жасап,

ешқашан шапшаңдығынан танбаған актердің бұл өзгелерден оқшау дараланған артықшылығы болатын. Актерің 1972 жылы өзінің 60 жылдық мерейтойында ойнаған Траниосы көреременін тамсантпай, таң қалдырмай қоймады. Осы ролін ойнау үстінде неше түрлі шеңбер жасап, дөңгеленіп, төбесімен тұрып, шыр көбелек айналған сахнагердің әсем де әсерлі пластикалық қимылдары, цирк артисіне тән өнері Хлестаковтан кейін тағы бір мәрте таңдай қақтырған еді. Бұл туралы Ә.Сығай: «Мәскеулік театр мамандары бәрі бірдей таңданысып: «Япыр-ау, алпысқа келген кісінің мына қозғалысында не сыр, қандай сиқыр бар? Ғажап қой! Ғаламат емес пе? деп, естері кете таң қалғаны өтірік емес, оны өз құлағымызбен естідік» [8, 259 б.], – деп жазады. Сыншының бұл пікірі актриса Хабиба Елебекованың естелігінде былайша жалғасады: «Қойылымда кейіпкерлердің атқа мініп шабатын тұсы бар. Бір-бір таяқты ат қылып ұстап алып Шәкен мен Хадиша атпен шапқандай кейіп жасаса, Камал есектің жүрісін салады. Қимылының шынайы шыққандығы соншалық, залда күлмеген адам қалмады. Шек-сілелері қата қырын-топан күлкінің астында қалды. Сондай қызық көрініс болушы еді. Жалпы, Камал шебер актер болатын. Қолынан келмейтін нәрсесі болмайтын. Жағымды да, жағымсыз да рөлдерді шегіне жеткізіп ойнаушы еді» [8, 259 б.].

Жалпы комедия авторы У. Шекспирдің, аударған М. Әуезовтің, сахналаған режиссердің, өз рольдерін асқан шеберлікпен, жүрекпен сомдаған актерлердің өнерін паш еткен «Асауға тұсау» спектаклі жөніндегі осындай естеліктер өте көп. Демек, бұл – тарих, дүлдүлдердің ғажайып дуэтінен, олардың шынайы ойындарынан туындаған үлкен

шығармашылық құбылыс. Актерлік сан қырлы бояу мен шеберлікке толы, сонау қаһарлы соғыс жылдарында көңілін мұң басқан көрерменіне ерекше жігер берген Ш. Айманов пен Х. Бөкееваның қайталанбас жарқын ойыны қазақ театрының даму жолында көптеген жарық жұлдыздардың тууына ықпал еткені анық. Олардың ізімен Н. Жантөрин, Ә. Молдабеков, А. Әшімов, Т. Жаманқұлов, т. б. тәрізді талантты сахнагерлердің есімдері жарқырай көрінді.

Негізінен заман, қоғам өзгерген сайын театрдың шығармашылық жолы өзінің дамуы жолынан жаңылған емес, керісінше уақыт алға озған сайын көркемдік ізденістер артып келе жатыр. Бұрын-соңды сахналанған шығармаларды қайта қойғанда драмалық туындының идеясын, режиссерлік шешімін бүгінгі күннің талабына қарай бұру үрдісі қазіргі таңда қарқын алып отыр. Бұған дәлел ретінде 2015 жылы Нұр-Сұлтан қалалық Жастар театрының репертуарынан орын алған «Асауға тұсауды» айтуға болады. Режиссер Нұрқанат Жақыпбай Петручионың роліне Әділ Ахметовті, Катаринаның роліне Айнұр Рахипованы, Люченционың роліне Дәурен Серғазинді таңдапты. Осындай талантты жастардан құралған шығармашылық ансамбльдің орындауындағы комедия үздік бағаға ие болды. Ә.Ахметов Ш.Аймановты, А.Рахипова Х.Бөкееваны қайталамай, әрбір орындаушы өзінің қаһарманына өзіндік бояумен келген. Жарасымды өзіл-қалжыңымен, сюжеттік құрылымының әсемдігімен баурап алатын қойылымда режиссердің ұтымды шешіміне куә болдық. Мұндағы асауды жуасыту емес, кіршіксіз махаббатты түсінуден тұратын ерлі-зайыптылар арасындағы адал достықты

баяндайтын оқиға көңілді музыкамен, орындаушылардың пластикалық қабілеттерімен ашыла түскен.

Көбіне классикалық репертуар көрерменге қабылданбай жатады. Уақыт талаптарына сәйкес, режиссерлер классикалық сюжеттердің мазмұнына қазіргі замандағы қоғамның мәселелерін салады: адамгершілік, отбасындағы мәселелер, әйелдің тағдыры т.б. Минималды тарихи бөлшектермен қамтамасыз етілген әдемі костюмдері сахналық дизайнды толықтырады, және спектакльге музыканы дәл таңдау бізді сол атмосферада өмір сүруге шақырады. Бұл таңғажайып атмосфера Нұрғанат Жақыпбайдың режиссурасының ирониялы және бір мезгілде сатиралық мәнерлілігін баса көрсетеді, әр кейіпкер осы жылдардағы символдық тұлғаларға өте жақын, осының бәрі бүкіл біртұтастық сезімді тудырады.

Декорация заманауи құрал-жабдықтармен жасалынған және жарық проекциясының көмегімен көрермендердің көз алдында орын алатын көріністерінің мизансценасы өте ыңғайлы шешілген. Спектакль тақырыбына сәйкес келетін балғындыққа байланысты заманауи және авангард стилінде болып табылады. Мұнда қоюшы суретші Е.Тұяқовтың талғаммен жұмыс жасағаны көрініп тұрды. Ал, костюм жөніндегі суретші костюмдерді авангардтық стилде жасағанына қарамастан олар комедия дель артына тән әуесқой труппа ретінде өнер көрсетеді.

Дискуссия

Қойылым барысында режиссер түрлі әдістерді қолданады: мұнда комедия дель арте мен тіпті цирк қойылымының

элементтері де кездеседі. Көрерменді іс-әрекеті мол мол сахналарымен қызықтыра білген. Музыканың ырғақтары топтық сахнада пластикалық элементтер мен би қойылымдарымен режиссердің шығармашылық қабілеттерін толық бағалауға жол ашады. Фарс элементтері көрерменге екі жарым сағатқа жуық уақытқа созылған қойылым мүлдем байқалмай өтіп кетеді. Жастар театрының актерлары үнемі өздерінің икемділігімен, темпераментімен және пластикасымен таң қалдырады.

Актерлердің ойыны керемет, басты кейіпкерлерден бастап эпизодтық рөлдерді орындаушыларға дейін сахнада өмір сүрді. Киім ауыстыру және рөлдермен алмасу күлкілі жағдайлар мен көрермендерге ұнаған түсініспеушіліктерді туғызады - сахна соңына дейін шапалақ-қошеметтер үзілмейді. Күлкілі-фарс жанрындағы спектакль есте қаларлықтай сахналанған. Режиссер пьесаның негізгі интригасын шешті: Петручио мен Катарина – көрерменге эмоционалды жүктеме жасай алды деп есептейміз.

Басты кейіпкерлерді театрдың екі тәжірибелі және талантты актері өз дәрежесінде ойнай алды. Олар өзінің сыртқы келбетіне емес, сонымен қатар жеке техникалық және экспрессивті мүмкіндіктеріне сүйенеді. Ә.Ахметовтің орындаған Петручиосы өзінің ерекше беделді екенін дәлелдеуге тырысады, ол жалған сөйлейді және қыңыр Кэтти өзіне қарату үшін қарсы шығып, оған барлық әдістерді қолданады, А.Рахипова Катаринаның образына ерекше балалық пен әйелдік қасиетті үндестіре алған, қарсыласпен алғаш кездескенде, ол өзінің энергетикалық күшін жақсы сезінеді. Катарина ымыраға келгенде ақылды, өзінің дауысын ымымен ойната келіп, қожайынның позициясына жету

үшін кез-келген әдісті қолданады. Ол ақкөңіл жұбайының құқықтарының тізімін «Мольердің Әйелдер мектебінен алынған ерлі-зайыптылардың кодтары» сияқты оқиды, ал түпнұсқада бұл берілу туралы жұмсақ декларация болып табылады. Ол өзгеріп мүлдем бұрыңғы Кэттен бас тартпайды, күйеуінің мінез-құлқын танып қулық пен ақылдылықпен өз сүйген жарына қосылады.

Қорытынды

Арадағы уақыт алшақтығына қарамастан ағылшын драматургінің аталған комедиясы өзінің өзектілігін, көркемдік маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Себебі, бұл тақырыпта феминизм элементтері бар, яғни мұның астарында әйел тек еркекті тыңдап, отбасы, ошақ

қасында отырмауы керек деген ой жатыр. Дегенмен осы мәселенің кей жағдайларда дау тудыратыны анық. Қазіргі уақытта ердің орны бір сатыға төмендеп, гендерлік саясат бойынша әйелдердің билікке ауысып бара жатқандығы да жасырын емес.

Ұлы жазушы-драматург М. Әуезовтің аудармасы арқылы бізге жеткен У. Шекспирдің «Асауға тұсау» пьесасы қазақ театрлары сахналарында әлі де бірнеше рет қойылып, ұлттық театр өнерінің, драматургиясының дамуына өз ықпалын тигізері хақ. Классикаға айналған бұл шығарма алдағы уақытта талай режиссерлер мен актерлердің қиялын, шеберлігін ұштауға азық болары талассыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. – Алматы: Жазушы, 1969. – 271 б.
2. Захаров Н. В. Шекспиризм русской классической литературы: тезаурусный анализ. — Москва.: Моск. гуманитар. ун-та, 2008. – 320 с.
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
4. Ашимов А. С любовью - ваш Ашимов. – Алматы.: Білім, 2009. – 206 б.
5. Римова Б. Өмір белестері. – Алматы: Арыс, 2003. – 235 б.
6. Шимырбаева Г. Рожденная быть красивой // Казахстанская правда, 2 февраля. – 7-8 б.
7. Қазақ әдебиеті. Өнер аясындағы өмір (Қилы-қилы тағдырлар), [Электронды ресурс] // URL: <https://qazaqadebieti.kz/9776/ner-ayasynda-y-mir-ily-ily-ta-dyrlar> (қарастырылған күні 28.04.2020)
8. Сығай Ә. Сахна саңлақтары. – Алматы: «Жалын», 1998. – 512 б.
9. Нұрпейіс Б. Сахна шеберлері: Монография. – Алматы: 2018. – 284 б.

А. К. Иманбекова

*Казахская Национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ СПЕКТАКЛЯ «АСАУГА ТУСАУ» НА КАЗАХСКОЙ СЦЕНЕ

Аннотация

В статье рассказывается о переводе пьесы У. Шекспира «Асауга тусау» в казахском театре на казахский язык, истории его постановки, новой интерпретации. Кроме того, нововведения режиссера в постановке пьесы и поиске актерского мастерства, освоении сценического пространства в сценографии научно освещены и глубоко изучены. Исследование также раскрывает роль, значение спектакля в театральном процессе, что позволяет нам оценивать достижения и недостатки казахского театра на основе базовой репертуарной системы.

Ключевые слова: пьеса, спектакль, комедия, репертуар, режиссер, актер, казахский театр, театр им. Шекспира.

A. Imanbekova

*T. K. Zhurgenev Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)*

THE SPIRITUAL VALUE OF THE PLAY "TAMING OF SHREW" IN THE KAZAKH SCENE.

Abstract.

This article deals with the translation, performing and the new interpretation of Shakespeare's play "Taming of Shrew". Furthermore, it also covers and scientifically studies director's new perspectives of the play, the casting of actors and the development of scene space in scenography in depth. The research also reveals the role, importance and spiritual value of the play in modern theatre, as well as the achievements and shortcomings of the Kazakh theatre, on the basis of its basic repertoire system

Key words: play, performance, comedy, repertoire, director, actor, Kazakh theatre, W. Shakespeare

Автор туралы мәлімет:

Иманбекова Әсем — Т. К. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистранты (Алматы, Қазақстан)
email: asema_2404@mail.ru

Сведения об авторе:

Иманбекова Асем — магистрант Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жургенова (Алматы, Казахстан).
email: asema_2404@mail.ru

Author's bio:

Asem Imanbekova MA student, T. K. Zhurgenev Kazakh National Academy of Arts. (Almaty, Kazakhstan)
email: asema_2404@mail.ru